

|  |  |  |
|--|--|--|
| Қазақстан Республикасы<br>Туризм және спорт министрлігі  | <br>INTERNATIONAL UNIVERSITY<br>OF TOURISM AND HOSPITALITY | Министерство туризма и спорта<br>Республики Казахстан  |
| «Халықаралық туризм және меймандостық<br>университеті» коммерциялық емес<br>акционерлік қоғамы |  | Некоммерческое акционерное общество<br>«Международный университет туризма и<br>гостеприимства» |
| Магистратура туралы ереже  |  | УЕ-02-01-11  |
| Бекітілген 27.11.2024 ж.   | Басылым №1   | 19 беттің 1-сі   |

«БЕКІТЕМІН»  
 Басқарма Төрағасы – Ректор  
*А. Шокпаров*  
 А. Шокпаров  
 2024 ж.

«И.Д.»

НЕКОММЕРЧЕСКОЕ АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО  
 «МЕЖДУНАРОДНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ  
 ТУРИЗМА И ГОСТЕПРИИМСТВА»

КАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҮРКЕСТАҢ АУДАНЫ  
 БИН 190440033845  
 РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН, ТҮРКЕСТАҢ

УЕ-02-01-11  
 МАГИСТРАТУРА ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Түркістан, 2024

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

|  |  |   |
|--|--|---|
| Қазақстан Республикасы<br>Туризм және спорт министрлігі                                  | <br>INTERNATIONAL UNIVERSITY<br>OF TOURISM AND HOSPITALITY | Министерство туризма и спорта<br>Республики Казахстан                                       |
| «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы |  | Некоммерческое акционерное общество<br>«Международный университет туризма и гостеприимства» |
| Магистратура туралы ереже  |  | УЕ-02-01-11   |
| Бекітілген 27.11.2024 ж.   | Басылым №1   | 19 беттің 2-сі  |

## КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

### ӘЗІРЛЕНДІ:

Академиялық даму бөлімінің  
басшысы



Г. Сыздыкова  
«27» 11. 2024 ж.

### КЕЛІСІЛДІ:

Академиялық және ғылыми істер  
жөніндегі вице-ректор



Л. Шалабаева  
«27» 11. 2024 ж.

Әлеуметтік даму және  
халықаралық ынтымақтастық  
жөніндегі вице-ректор



Б. Мырзаев  
«27» 11. 2024 г.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы  
комплаенс қызметінің басшысы



Д. Бейсембаева  
«27» 11. 2024 ж.

Әкімшілік бөлімінің  
басшысы



Қ. Тубеков  
«27» 11. 2024 ж.

Әкімшілік бөлімінің бас маманы  
(заңгер)



Е. Тасов  
«27» 11. 2024 ж.

Сапаны қамтамасыз ету  
бөлімінің басшысы м.а.




Ж. Сейтқұлова  
«27» 11. 2024 ж.

|  |  |   |
|--|--|---|
| Қазақстан Республикасы<br>Туризм және спорт министрлігі                                  | <br><small>INTERNATIONAL UNIVERSITY<br/>OF TOURISM AND HOSPITALITY</small> | Министерство туризма и спорта<br>Республики Казахстан                                       |
| «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы |  | Некоммерческое акционерное общество<br>«Международный университет туризма и гостеприимства» |
| Магистратура туралы ереже  |  | УЕ-02-01-11   |
| Бекітілген 27.11.2024 ж.   | Басылым №1   | 19 беттің 3-сі  |

## МАЗМҰНЫ

|     |  |    |
|-----|--|----|
| 1.  | Қолдану саласы   | 4  |
| 2.  | Қолданылған қысқартулар тізімі                                       | 4  |
| 3.  | Қолданылған терминдер мен анықтамалардың тізімі                      | 4  |
| 4.  | Нормативтік сілтемелер   | 6  |
| 5.  | Жалпы ережелер   | 6  |
| 6.  | Білім беру бағдарламаларының мазмұнына қойылатын талаптар            | 6  |
| 7.  | Магистранттың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар | 13 |
| 8.  | Магистранттың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар                  | 14 |
| 9.  | Өзгерістер мен толықтырулар  | 17 |
| 10. | Келісу, сақтау және тарату   | 17 |
| 11. | Өзгерістерді тіркеу парағы   | 18 |
| 12. | Танысу парағы  | 19 |



|  |  |  |
|--|--|--|
| Қазақстан Республикасы<br>Туризм және спорт министрлігі  | <br>INTERNATIONAL UNIVERSITY<br>OF TOURISM AND HOSPITALITY | Министерство туризма и спорта<br>Республики Казахстан  |
| «Халықаралық туризм және меймандостық<br>университеті» коммерциялық емес<br>акционерлік қоғамы |  | Некоммерческое акционерное общество<br>«Международный университет туризма и<br>гостеприимства» |
| Магистратура туралы ереже  |  | УЕ-02-01-11  |
| Бекітілген 27.11.2024 ж.   | Басылым №1   | 19 беттің 4-сі   |

## 1. ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1.1 Магистратура туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) магистратурада жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Университет) қызметінің тәртібін айқындайды.

Ереже магистратураның білім беру бағдарламалары бойынша жұмыс оқу жоспарларын, магистранттардың жеке оқу жоспарларын әзірлеу, магистратурадағы педагогикалық жүктемені есептеу, оқу процесін ұйымдастыру, магистранттардың ағымдағы, аралық және қорытынды аттестаттауларын өткізу кезінде пайдалынады.

## 2. ҚОЛДАНЫЛҒАН ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ

|               |   |
|---------------|---|
| <b>БП</b>     | Базалық пәндер  |
| <b>ЖОО</b>    | Жоғары оқу орны   |
| <b>ЖК</b>     | Жоғары оқу орны компоненті                                  |
| <b>МЖБС</b>   | Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты |
| <b>ҚА</b>     | Қорытынды аттестаттау                                       |
| <b>ТК</b>     | Таңдау компоненті   |
| <b>МҒЗЖ</b>   | Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы                         |
| <b>ЖЖОКБҰ</b> | Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары  |
| <b>ББ</b>     | Білім беру бағдарламасы                                     |
| <b>МДРҚ</b>   | Магистрлік диссертацияны рәсімдеу және қорғау               |
| <b>БеП</b>    | Бейіндеуші пәндер   |
| <b>МЭЗЖ</b>   | Магистранттың эксперименттік-зерттеу жұмысы                 |

## 3. ҚОЛДАНЫЛҒАН ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАРДЫҢ ТІЗІМІ

**Академиялық күнтізбе** – оқу жылы бойына демалыс күндерін (каникулдар мен мерекелерді) көрсете отырып, оқу және бақылау іс-шараларын, кәсіби практикаларды өткізу күнтізбесі.

**Академиялық кредит** – білім алушының және (немесе) оқытушының (педагогтің) білім беру бағдарламасының оқу нәтижелеріне қол жеткізу үшін қажетті ғылыми және (немесе) оқу жұмысының көлемін өлшеудің біріздендірілген бірлігі.

**Академиялық сағат** – оқу сабақтарының немесе оқу жұмысының басқа түрлерінің көлемін өлшеу бірлігі, 1 академиялық сағат 50 минутқа тең, академиялық күнтізбені, оқу сабақтарының кестесін жасау кезінде, өтілген оқу материалын жоспарлау мен есепке алуда, сондай-ақ педагогикалық жүктемені жоспарлау және оқытушының жұмысын есептеу кезінде пайдаланылады.

**Академиялық кезең** – теориялық оқыту кезеңі: семестр ұзақтығы 15 апта, триместр ұзақтығы 10 апта. Магистратурада академиялық кезең 15 апталық семестрді құрайды.

**Жоғары оқу орны компоненті** – білім беру бағдарламасын меңгеру үшін Университет дербес айқындайтын оқу пәндерінің және академиялық кредиттердің тиісті ең төменгі көлемінің тізбесі.

**Дублиндік дескрипторлар** – білім алушылардың жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің әрбір деңгейінің (сатысының) білім беру бағдарламасын аяқтағаннан кейін алған білімінің, іскерлігінің, дағдылары мен құзыреттерінің деңгейі мен көлемін сипаттайтын, оқыту нәтижелеріне, қалыптастырылған құзыреттерге, сондай-ақ ECTS кредиттік (есепті) бірліктерінің жалпы санына негізделеді.

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.



|  |  |   |
|--|--|---|
| Қазақстан Республикасы<br>Туризм және спорт министрлігі                                  |  | Министерство туризма и спорта<br>Республики Казахстан                                       |
| «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы |  | Некоммерческое акционерное общество<br>«Международный университет туризма и гостеприимства» |
| Магистратура туралы ереже  |  | УЕ-02-01-11   |
| Бекітілген 27.11.2024 ж.   | Басылым №1   | 19 беттің 5-сі  |

**Жеке оқу жоспары** – білім алушылардың білім беру бағдарламасы және элективті пәндер және (немесе) модульдер каталогы негізінде эдвайзердің көмегімен әрбір оқу жылына дербес қалыптастырылатын оқу жоспары.

**Зерттеу практикасы** – отандық және шетелдік ғылымның жаңа теориялық, әдіснамалық және технологиялық жетістіктерімен, ғылыми зерттеулердің, эксперименттік деректерді өңдеудің және түсіндірудің заманауи әдістерімен танысу мақсатында жүргізіледі.

**Қорытынды аттестаттау** – тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес білім беру бағдарламасында көзделген оқу пәндерінің және (немесе) модульдердің және оқу қызметінің өзге де түрлерінің көлемін игеру дәрежесін айқындау мақсатында жүргізілетін рәсім.

**Элективті пәндер каталогы** – оқу мақсатын, қысқаша мазмұнын (негізгі бөлімдерін) және күтілетін оқу нәтижелерін (игерілетін білім, білік, дағды және құзыреттілік) көрсете отырып, олардың қысқаша сипаттамасын қамтитын таңдау компонентінің барлық пәндерінің жүйеленген аннотацияланған тізбесі. Бұл құжатта әрбір оқу пәнінің пререквизиттері мен постреквизиттері көрсетіледі.

**Магистрант** – магистратурада білім алушы тұлға.

**Магистрлік диссертация** – ғылыми-педагогикалық магистратура магистранттың таңдалған білім беру бағдарламасы саласындағы өзекті проблеманың теориялық және/немесе практикалық әзірлемесін қамтитын өзіндік ғылыми зерттеуден тұратын, ғылым мен техниканың қазіргі заманғы теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктеріне негізделген бітіру жұмысы.

**Магистрлік жоба** – бейінді магистратура магистранттың таңдалған білім беру бағдарламасының өзекті проблемаларының қолданбалы міндетін шешуге мүмкіндік беретін теориялық және (немесе) эксперименттік нәтижелерді қамтитын өзіндік ғылыми зерттеуден тұратын бітіру жұмысы.

**Магистр** – магистратураның білім беру бағдарламасын меңгерген тұлғаларға берілетін дәреже.

**Іскерлік әкімшілендіру магистрі** – MBA немесе EMBA бағдарламасын меңгерген тұлғаларға берілетін академиялық дәреже.


**Міндетті компонент** – МЖБС (бұдан әрі – Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты) белгіленген және білім алушылардың оқыту бағдарламасы бойынша міндетті түрде оқитын оқу пәндерінің және академиялық кредиттердің тиісті ең төменгі көлемінің тізбесі.

**Педагогикалық практика** – оқытудың практикалық дағдылары мен әдістемесін қалыптастыру мақсатында жүргізіледі.

**Өндірістік практика** – оқыту процесінде алынған теориялық білімді бекіту, магистратураның білім беру бағдарламасы бойынша практикалық дағдыларды, құзыреттер мен кәсіби қызмет тәжірибесін игеру, сондай-ақ озық тәжірибені игеру мақсатында жүргізіледі.

**Аралық аттестаттау** – емтихан сессиясы кезеңінде білім алушылардың оқу пәнінің оқу аяқталғаннан кейін оның бір бөлігінің немесе бүкіл көлемінің мазмұнын игеру сапасын бағалау мақсатында жүргізілетін рәсім.



|  |  |  |
|--|--|--|
| Қазақстан Республикасы<br>Туризм және спорт министрлігі  | <br>INTERNATIONAL UNIVERSITY<br>OF TOURISM AND HOSPITALITY | Министерство туризма и спорта<br>Республики Казахстан  |
| «Халықаралық туризм және меймандостық<br>университеті» коммерциялық емес<br>акционерлік қоғамы |  | Некоммерческое акционерное общество<br>«Международный университет туризма и<br>гостеприимства» |
| Магистратура туралы ереже  |  | УЕ-02-01-11  |
| Бекітілген 27.11.2024 ж.   | Басылым №1   | 19 беттің 6-сі   |

#### 4. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

4.1 Магистратура туралы ереже «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III), «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (2024 жылғы 1 шілдедегі № 103-VIII ҚРЗ), Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары (ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы), Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары (ҚР ҒЖБМ 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы), Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары (ҚР БҒМ 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығы), Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесі (ҚР ҒЖБМ 2024 жылғы 05 қаңтардағы № 4 бұйрығы), сондай-ақ Университеттің ішкі нормативтік құжаттары негізінде жасалған.

#### 5. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

5.1 Университет магистрлерді даярлауды жүзеге асырады:

- 1) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру кадрларын даярлау бағыттарының сыныптаушымен;
- 2) жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартымен;
- 3) оқу жұмыс жоспарларымен;
- 4) академиялық күнтізбемен;
- 5) магистранттардың жеке оқу жоспарларымен;
- 6) пәндер бойынша оқу бағдарламаларымен;
- 7) магистранттың жеке жұмыс жоспары.

5.2 Магистратурада кадрлар даярлау екі бағыт бойынша білім беру бағдарламалары базасында жүзеге асырылады:

- 1) ғылыми-педагогикалық;
- 2) бейіндік.

5.3 Магистратура мамандығы шеңберінде Университет Ұлттық біліктілік шеңберіне, кәсіби стандарттарға, Дублин дескрипторларымен және Еуропалық біліктілік шеңберімен келісілген жаңа кәсіптер атласына сәйкес әртүрлі білім беру бағдарламаларын дербес әзірлейді.

5.4 Білім беру бағдарламалары оқу нәтижесіне бағытталуы керек.

#### 6. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ МАЗМҰНЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

6.1 Магистратураның білім беру бағдарламасының (бұдан әрі – ББ) мазмұны мыналардан тұрады:

- 1) базалық және бейіндеуші пәндер циклдерін зерделеуді қамтитын теориялық оқу;
- 2) магистранттарды практикалық даярлау: практикалардың, ғылыми және кәсіби тағылымдамалардың түрлері;
- 3) ғылыми-педагогикалық магистратура үшін – магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын ғылыми-зерттеу жұмысы немесе бейінді магистратура үшін – магистрлік жобаны орындауды қамтитын эксперименттік-зерттеу жұмысы;
- 4) қорытынды аттестаттау (бұдан әрі – ҚА).

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.



|  |  |   |
|--|--|---|
| Қазақстан Республикасы<br>Туризм және спорт министрлігі                                  |  | Министерство туризма и спорта<br>Республики Казахстан                                       |
| «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы |  | Некоммерческое акционерное общество<br>«Международный университет туризма и гостеприимства» |
| Магистратура туралы ереже  |  | УЕ-02-01-11   |
| Бекітілген 27.11.2024 ж.   | Басылым №1   | 19 беттің 7-сі  |

6.2 Базалық (бұдан әрі – БП) және бейіндеуші пәндер (бұдан әрі – БеП) циклдері жоғары оқу орны компоненті (бұдан әрі – ЖК) және таңдау бойынша компонент (бұдан әрі – ТК) пәндерінен тұрады.

6.2.1 Жоғары оқу орны компоненті және таңдау бойынша компонент пәндерінің тізбесін Университет дербес айқындайды. Бұл ретте еңбек нарығының сұранысы, жұмыс берушілердің талабы, магистранттардың сұраныстары мен мүдделері ескеріледі.

6.3 Ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистратураның барлық білім беру бағдарламаларының БП циклінің жоғары оқу орны компоненті «Ғылым тарихы мен философиясы», «Шет тілі (кәсіби)», «Жоғары мектеп педагогикасы», «Басқару психологиясы» пәндерін, бейінді бағыт үшін «Менеджмент», «Басқару психологиясы», «Шет тілі (кәсіби)» пәндерін қамтиды.

6.4 Ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистратурада БП циклінің көлемі магистратураның ББ жалпы көлемінде 35 академиялық кредитті құрайды. Олардың 20 академиялық кредиті ЖК-ға тиесілі.

6.5 Бейінді бағыттағы магистратурада БП циклінің көлемі магистратураның ББ жалпы көлемінен кемінде 10 академиялық кредитті құрайды. Оның ішінде ЖК пәндерінің көлемі 6 академиялық кредитті құрайды.

6.6 Ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистратурада БеП циклінің көлемі магистратураның ББ жалпы көлемінде 53 академиялық кредитті құрайды.

6.7 Бейінді бағыттағы магистратурада БеП циклінің көлемі Университет бойынша ЖК мен ТК арасында бөлінетін магистратураның ББ жалпы көлемі кемінде 29 академиялық кредитті құрайды.

6.8 Пәндер мен модульдердің бағдарламалары, әдеттегідей, бірқатар білім салалары үшін кадрлар даярлауды қамтамасыз ететін пәнаралық және мультипәндік сипатқа ие.

6.8.1 Университет білім беру қызметін алынған лицензияға сәйкес жүзеге асырады.

6.8.2 Білім беру мазмұнын, оқу процесін ұйымдастыру және өткізу тәсілін жоспарлауды кредиттік оқыту технологиясы негізінде жүзеге асырады.

6.9 Ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистратура Жоғары оқу орны (бұдан әрі – ЖОО) мен ғылыми ұйымдар үшін тереңдетілген ғылыми-педагогикалық және зерттеу даярлығы бар ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асырады.

6.10 Бейінді бағыт бойынша магистратура экономика, медицина, құқық, білім, өнер, қызмет көрсету және бизнес, қорғаныс және ұлттық қауіпсіздік салалары, құқық қорғау қызметі үшін тереңдетілген кәсіптік даярлығы бар басқарушы кадрларды даярлау бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асырады.

Магистратурада оқыту тек күндізгі нысанда жүзеге асырылады.

6.10.1 Бизнес-орта үшін мамандар даярлау мақсатында ЖОО МВА бағдарламаларын іске асыра алады.

6.11 Магистрлік бағдарламаның міндетті компоненті мыналар болып табылады:


1) магистранттарды практикалардың, ғылыми немесе кәсіби тағылымдамалардың түрлерін қамтитын практикалық даярлау;

2) ғылыми-педагогикалық магистратура үшін магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын ғылыми-зерттеу жұмысы немесе бейінді магистратура үшін магистрлік жобаны орындауды қамтитын эксперименттік-зерттеу жұмысы.

6.12 Ғылыми-педагогикалық магистратураның білім беру бағдарламасы теориялық оқытумен қатар немесе жеке кезеңде жүргізілуі мүмкін практиканың екі түрін қамтиды:

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.



|  |  |  |
|--|--|--|
| Қазақстан Республикасы<br>Туризм және спорт министрлігі  | <br>INTERNATIONAL UNIVERSITY<br>OF TOURISM AND HOSPITALITY | Министерство туризма и спорта<br>Республики Казахстан  |
| «Халықаралық туризм және меймандостық<br>университеті» коммерциялық емес<br>акционерлік қоғамы |  | Некоммерческое акционерное общество<br>«Международный университет туризма и<br>гостеприимства» |
| Магистратура туралы ереже  |  | УЕ-02-01-11  |
| Бекітілген 27.11.2024 ж.   | Басылым №1   | 19 беттің 8-сі   |

1) БП циклінде педагогикалық – Университетте;

2) БеП циклінде зерттеу – диссертация орындалған жерде.

6.13 Педагогикалық практика оқыту мен оқу әдістемесінің практикалық дағдыларын қалыптастыру мақсатында өткізіледі. Бұл ретте Университет қалауы бойынша магистранттар бакалавриатта сабақ өтуге тартылады.

6.14 Магистранттың зерттеу практикасы отандық және шетелдік ғылымның ең жаңа теориялық, әдіснамалық және технологиялық жетістіктерімен, ғылыми зерттеудің, экспериментті деректерді өңдеудің және түсінік берудің қазіргі заманғы әдістерімен танысу мақсатында өтеді.

6.15 Бейінді магистратураның білім беру бағдарламасы БеП циклінде өндірістік практиканы қамтиды.

6.15.1 ПД цикліндегі өндірістік практика оқыту процесінде алынған теориялық білімді бекіту, магистратураның білім беру бағдарламасы бойынша практикалық дағдыларды, құзыреттер мен кәсіби қызмет тәжірибесін игеру, сондай-ақ озық тәжірибені игеру мақсатында жүргізіледі.

6.15.2 Зерттеу (өндірістік) практиканың мазмұны диссертациялық (жобалық) зерттеу тақырыбымен айқындалады.

6.16 Магистранттың ғылыми-зерттеу (эксперименттік-зерттеу) жұмысы (бұдан әрі – МҒЗЖ (МЭЗЖ)) шеңберінде магистранттың жеке жұмыс жоспарында инновациялық технологиялармен және өндірістің жаңа түрлерімен танысу үшін ғылыми ұйымдарда және (немесе) тиісті саладағы немесе қызмет салаларындағы ұйымдарда ғылыми тағылымдамадан міндетті өту қарастырылады.

6.17 Ғылыми тағылымдамадан өту орны білім беру бағдарламасының ғылыми бағытына және зерттеу тақырыбына сәйкес келеді.

6.17.1 Шетелде тағылымдамадан өткен жағдайда, тағылымдама халықаралық рейтингтерге енгізілген жетекші ғылыми ұйымдарда және ЖЖОКБҰ-да, соның ішінде тиісті бағытта (by Subject (бай сабджект)) жүзеге асырылады.

6.17.2 Тағылымдаманың ұзақтығы кемінде күнтізбелік 14 күнді құрайды.

6.18 Тағылымдама бағдарламасы мен апталық жоспарын ЖЖОКБҰ тағылымдама өтетін ұйыммен бірлесіп бекітеді.

6.18.1 Тағылымдама бағдарламасы білім беру және ғылыми компоненттердің болуын қамтиды.

6.18.2 Тағылымдамадан өтуге зерттеу тақырыбы бойынша алдын ала зерттеу нәтижелері және (немесе) жарияланымдары бар адамдар жіберіледі.

6.19 Шет тілінде тағылымдамадан өткен жағдайда тіл білу туралы сертификаты болуы қажет:

– Ағылшын тілі: Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж Инстительюшнал Тестинг программ) (TOEFL ITP (ТОЙФЛ АйТиПи)) шекті балл – 163 балдан кем емес;

– Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж Инстительюшнал Тестинг програм) (TOEFL IBT (ТОЙФЛ АйБиИТи)), шекті балл – 60-тан кем емес;

– Test of English as a Foreign Language Paper-based testing (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж пэйпер бэйсед тэстинг) (TOEFL PBT (ТОЙФЛ ПиБиТи)) шекті балл – 498-ден кем емес;



|  |  |  |
|--|--|--|
| Қазақстан Республикасы<br>Туризм және спорт министрлігі  | <br>INTERNATIONAL UNIVERSITY<br>OF TOURISM AND HOSPITALITY | Министерство туризма и спорта<br>Республики Казахстан  |
| «Халықаралық туризм және меймандостық<br>университеті» коммерциялық емес<br>акционерлік қоғамы |  | Некоммерческое акционерное общество<br>«Международный университет туризма и<br>гостеприимства» |
| Магистратура туралы ереже  |  | УЕ-02-01-11  |
| Бекітілген 27.11.2024 ж.   | Басылым №1   | 19 беттің 9-сі   |

– Test of English as a Foreign Language Paper-delivered testing (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж пэйпер деливеред тэстинг) (TOEFL PDT (ТОЙФЛ ПиДиТи)) – шекті балл – 65-тен кем емес;

– International English Language Tests System (Интернашнал Инглиш Лангудж Тестс Систем) (IELTS IELTS (АЙЛТС)) шекті балл – 6,0 кем емес;

– және/немесе неміс тілі (Германия, Австрия, Швейцария, Лихтенштейн, Бельгия немесе Люксембургте тағылымдамадан өтетін жағдайда): Deutsche Sprachpruefung fuer den Hochschulzugang (дойче шпрахпрю фун фюр дейн хохшулцуган) (DSH, Niveau C1/C1 деңгейі), TestDaF-Pruefung (тестдаф-прюфун) (Niveau C1/C1 деңгейі);

– және/немесе француз тілі (Бельгия, Канада, Люксембург, Монако, Франция немесе Швейцарияда тағылымдамадан өткен жағдайда): Test de Français International™ Тест де франсэ Интернациональ - (TFI (ТФИ)) - оқу және тыңдау бөлімдерінде В1 деңгейінен төмен емес, Diplome d'Etudes en Langue française Диплом дэтюд ан Ланг франсэз - (DELF (ДЭЛФ)), В2 деңгейі), Diplome Approfondi de Langue française Диплом Аппрофонди де Ланг Франсэз (DALF (ДАЛФ), С1 деңгейі), Test de connaissance du français Тест де коннэссанс дю франсэз (TCF (ТЦФ)) – кемінде 50 балл.

6.20 МҒЗЖ (МЭЗЖ) оқу жұмысының басқа түрлерімен қатар немесе жеке кезеңде жоспарланады.

6.20.1 Ғылыми-зерттеу немесе эксперименттік-зерттеу жұмысының нәтижелерін оларды жүргізген әрбір кезеңнің соңында магистрант есеп түрінде ресімдейді.

6.21 Ғылыми-педагогикалық магистратурадағы магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысына (бұдан әрі – МҒЗЖ) қойылатын талаптар:

1) магистрлік диссертация орындалатын және қорғалатын білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келуі;

2) өзекті, ғылыми жаңалығының және практикалық маңызының болуы;

3) ғылым мен практиканың қазіргі заманғы теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктеріне негізделуі;

4) ғылыми зерттеулердің қазіргі әдістерін қолдана отырып орындалуы;

5) негізгі қорғалатын ережелер бойынша ғылыми-зерттеу (әдістемелік, практикалық) бөлімдерінің болуы;

6) тиісті білім беру саласында алдыңғы қатарлы халықаралық тәжірибеге негізделуі қажет.

6.22 Бейінді магистратурадағы магистранттың эксперименттік-зерттеу жұмысына (бұдан әрі – МЭЗЖ) қойылатын талаптар:

1) магистрлік жоба орындалатын және қорғалатын білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келуі;

2) ғылымның, техника мен өндірістің қазіргі заманғы жетістіктеріне негізделуі және нақты практикалық ұсынымдарды, басқару міндеттерінің дербес шешімдерін қамтуы;

3) алдыңғы қатарлы ақпараттық технологияларды қолдана отырып орындалуы;

4) негізгі қорғалатын ережелер бойынша эксперименттік-зерттеу (әдістемелік, практикалық) бөлімдерінің болуы қажет.

6.23 Жыл сайын оқу жылы аяқталғаннан кейін магистрант жеке жұмыс жоспарының орындалуы бойынша академиялық аттестаттаудан өтеді. Магистранттардың есептері мектеп мәжілістерінде тыңдалады. Мектеп мәжілісінің хаттамаларында «аттестатталды», «аттестатталмады» деп көрсету қажет.



|  |  |   |
|--|--|---|
| Қазақстан Республикасы<br>Туризм және спорт министрлігі                                  | <br>INTERNATIONAL UNIVERSITY<br>OF TOURISM AND HOSPITALITY | Министерство туризма и спорта<br>Республики Казахстан                                       |
| «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы |  | Некоммерческое акционерное общество<br>«Международный университет туризма и гостеприимства» |
| Магистратура туралы ереже  |  | УЕ-02-01-11   |
| Бекітілген 27.11.2024 ж.   | Басылым №1   | 19 беттің 10-сі   |

6.24 Магистранттың ғылыми-зерттеу немесе эксперименттік-зерттеу жұмысының соңғы қорытындысы магистрлік диссертация (жоба) болып табылады.

6.24.1 Ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистрлік диссертацияның негізгі нәтижелері диссертация тақырыбы бойынша ғылыми басылымдарда кемінде екі мақала және (немесе) халықаралық немесе республикалық ғылыми конференцияда бір баяндама ұсынылады, ал бейіндік бағыттағы магистрлік жоба бойынша нәтижелер бір ғылыми мақала және (немесе) халықаралық немесе республикалық ғылыми конференцияда бір баяндама ұсынылады.

Университет магистранттың зерттеу нәтижелерін жариялауына көмек көрсетеді.

6.25 Магистрант қабылданғаннан кейін екі ай ішінде Университеттің Басқарма Төрағасы – Ректор бұйрығымен ғылыми кеңестің шешімі негізінде магистрлік диссертацияның (жобаның) тақырыбы бекітіледі және ғылыми жетекші тағайындалады.

6.26 Оқытушының ғылыми жетекшілікті жүзеге асыру: кадрларды даярлау бағытының бейініне сәйкес ғылыми дәрежесі және (немесе) PhD философия докторы/бейіні бойынша докторы (академиялық) дәрежесі бар, кемінде 3 (үш) жыл ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі бар, ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган бекіткен ғылыми қызметтің негізгі нәтижелерін жариялауға ұсынылатын ғылыми жарияланымдар тізбесіне (бұдан әрі – Жарияланымдар тізбесі) енгізілген басылымдарда соңғы 5 (бес) жыл ішінде жарияланған кемінде 5 (бес) ғылыми мақаланың және JCR (ZhSR) бойынша импакт-факторы бар немесе Science Citation Index Expanded дерекқорларының (Science Citation Index Expanded), Social Science Citation Index (Social) бірінде индекстелген Web of Science Core Collection (Web of Science Core Collection) ішіндегі Science Citation Index) немесе Arts and Humanities Citation Index (Arts and Humanities Citation Index) немесе Scopus дерекқорындағы CiteScore пайыздық ұпайы кемінде 25 (жиырма бес) болатын халықаралық рецензияланған ғылыми журналда соңғы 5 (бес) жыл ішінде жарияланған кемінде 1 (бір) ғылыми мақаланың авторы және (немесе) соңғы 10 (он) жылда кемінде 5 (бес) жыл практикалық жұмыс өтілі бар мамандар.

6.27 Ғылыми жетекші және магистранттың зерттеу тақырыбы университеттің Ғылыми кеңесінің шешімімен үш тілде бекітіледі.

6.28 Магистрлік диссертация (жоба) міндетті түрде плагиаттан тексеруден өтеді. Магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғау магистрлік диссертацияны (жобаны) ресімдеуді және қорғау рәсімін қамтиды.

6.29 Бейінді магистратураны бітірген магистрантқа педагогикалық бейіннің білім беру бағдарламаларын қосымша меңгергеннен кейін педагогикалық қызметке рұқсат етіледі.

6.29.1 Педагогикалық бейіннің білім беру бағдарламасын аяқтаған бейінді бағыттағы магистрге негізгі дипломына қосымша тиісті куәлік беріледі.

6.30 ҚА ғылыми-педагогикалық және бейіндік бағыттағы магистратураның білім беру бағдарламасының жалпы көлемінен кемінде 8 академиялық кредитті құрайды және магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғау түрінде жүргізіледі.

6.30.1 Қорытынды аттестаттаудың мақсаты магистратураның білім беру бағдарламасын оқып аяқтағаннан кейін қол жеткізілген оқыту нәтижелері мен меңгерілген құзыреттерді бағалау болып табылады.

6.30.2 Магистратурада білім алушылар қажет болған жағдайда оқудың қосымша түрлерін өз бетінше ақылы негізде меңгереді.

6.31 MBA бітірушілерінің басты және кәсіби құзыреттеріне қойылатын талаптар.



|  |  |  |
|--|--|--|
| Қазақстан Республикасы<br>Туризм және спорт министрлігі  | <br>INTERNATIONAL UNIVERSITY<br>OF TOURISM AND HOSPITALITY | Министерство туризма и спорта<br>Республики Казахстан  |
| «Халықаралық туризм және меймандостық<br>университеті» коммерциялық емес<br>акционерлік қоғамы |  | Некоммерческое акционерное общество<br>«Международный университет туризма и<br>гостеприимства» |
| Магистратура туралы ереже  |  | УЕ-02-01-11  |
| Бекітілген 27.11.2024 ж.   | Басылым №1   | 19 беттің 11-сі  |

МВА бағдарламасын бітірушілердің құзыреттері мынадай білімдермен және дағдылармен айқындалады:

- 1) заманауи нарықтық ортада ұйым қызметінің стратегиялық позициясымен бизнесті басқарудың мәні;
- 2) ұйымдардың құрылымы, олардың мүдделі тараптармен (стейкхолдерлермен) өзара іс-қимыл жүргізу тетіктері, ұзақ мерзімді перспективада сыртқы контекст жағдайында жұмыс істеу принципі;
- 3) стратегиялық басқарудағы көшбасшылық тұжырымдамасы;
- 4) басқарудың заманауи тәсілдері;
- 5) менеджменттің аналитикалық әдістері, проблемаларды диагностикалау, талдау және шешу әдістері, сондай-ақ шешім қабылдау және оларды практикада іске асыру әдістері;
- 6) бизнестің жаһандану мәні;
- 7) бизнестің проблемалық аспектілерін талдау және шешімдерді түрлендіру;
- 8) сыртқы ортаның ықпалын анықтау және оны басқарудың практикалық проблемаларын шешу кезінде ескеру;
- 9) теория білімдеріне, заманауи зерттеулер мен практиканың талаптарына қарай менеджменттің әртүрлі функционалдық аспектілерін кіріктіру;
- 10) компанияны басқару проблемаларын шешуде маркетингтік және қаржылық тәсілдерді пайдалану;
- 11) бизнесті жүргізу проблемаларын қарау және оларды халықаралық ортадағы бәсекелестік позициясымен басқару.

6.32 МВА білім беру бағдарламасы мыналарды қамтиды:

- 1) кәсіби құзыреттерді және тұлғалық дамуды, көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыру пәндері;
- 2) өндірістік практиканы (өндірістен қол үзіп білім алушы тұлғалар үшін);
- 3) магистрлік диссертацияны немесе жобаны орындау;
- 4) қорытынды аттестаттау.

6.33 Басты және кәсіби құзыреттерді қалыптастыру бойынша МВА білім беру бағдарламалары міндетті және элективті компоненттер пәндерінен тұрады.

6.33.1 Элективті пәндердің тізбесі белгілі бір бизнес саласы үшін МВА бағдарламасының дайындау бағытына және мамандандыруына сәйкес айқындалады.

6.33.2 МВА білім беру бағдарламасы шеңберінде магистрлер даярлау жалпы бейіндегі кәсіби басқарушыларды (general manager) даярлауға қойылатын талаптарды орындау жағдайында әртүрлі бағыттар бойынша, сондай-ақ корпоративті бағдарлама бойынша жүзеге асырылады.

6.33.3 МВА бағдарламаларына оқытуды бизнес-зерттеулерді және консалтингті, ғылыми қызметті жүргізуге тартылған, сондай-ақ басқарушылық жұмыс тәжірибесі бар професорлық-оқытушылық құраммен қамтамасыз етеді.

6.34 Университет МЖБС талаптарына сәйкес оқыту нәтижелерін көрсететін жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің беру бағдарламаларын өз бетінше әзірлейді, оның негізінде пәндер бойынша оқу жоспарлары (білім алушының оқу жұмыс жоспарлары, жеке оқу жоспарлары) және оқу жұмыс бағдарламалары (силлабустар) әзірленеді.

6.35 Университет білім беру технологияларын қолдану және қажетті білім беру қызметтерін ұсыну арқылы МВА білім беру бағдарламасын іске асыру жағдайын қамтамасыз етеді.



|  |  |  |
|--|--|--|
| Қазақстан Республикасы<br>Туризм және спорт министрлігі  | <br>INTERNATIONAL UNIVERSITY<br>OF TOURISM AND HOSPITALITY | Министерство туризма и спорта<br>Республики Казахстан  |
| «Халықаралық туризм және меймандостық<br>университеті» коммерциялық емес<br>акционерлік қоғамы |  | Некоммерческое акционерное общество<br>«Международный университет туризма и<br>гостеприимства» |
| Магистратура туралы ереже  |  | УЕ-02-01-11  |
| Бекітілген 27.11.2024 ж.   | Басылым №1   | 19 беттің 12-сі  |

6.36 МВА білім беру бағдарламасы бойынша оқуды аяқтаған және ҚА табысты өткен тұлғаларға «Іскерлік әкімшілендіру магистрі» дәрежесі және жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы диплом қосымшасымен (транскрипт) бірге тегін беріледі.

6.37 Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламалары модульдік оқыту қағидаты бойынша әзірленеді.

6.38 Магистратурада кадрлар даярлау жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының базасында жүзеге асырылады. Бұл ретте «кіруде» магистратураның білім беру бағдарламасының бейіні жоғары білім беру бағдарламасымен сәйкес келген жағдайда, алдыңғы деңгейдегі оқыту нәтижелері автоматты түрде танылады; магистратураның білім беру бағдарламасы бейіні жоғары білім беру бағдарламасымен сәйкес келмеген жағдайда, игеру үшін пререквизиттер белгіленеді.

### 6.39 Пререквизиттерді зерделеуді ұйымдастыру тәртібі

Магистратураға түсушілер үшін пререквизиттер тізбесін білім беру бағдарламаларының мазмұнын ескере отырып бітіруші мектептер қалыптастырады және оны Университеттің Басқарма Төрағасы – Ректор бекітеді.

Магистранттың жеке оқу жоспары пререквизиттерді ескере отырып жасалады.

Магистранттар білім беру бағдарламасын игеру нәтижесінде алынатын оқытудың болжамды нәтижелері мен құзыреттеріне сүйене отырып, өздерінің жеке оқыту траекторияларын дербес қалыптастырады. Егер алдыңғы семестрде осы пәнге пререквизиттерді меңгермеген болса, магистрант пәнге тіркеле алмайды.

Магистранттарды пәнге тіркеу эдвайзерлер мен Офис тіркеушісі қызметкерінің әдістемелік көмегі арқылы «Platonus» ААЖ онлайн режимінде жүргізіледі. Әрбір магистрантқа сәйкестендіру нөмірі (логин, пароль) беріледі.

Оқу пәндеріне тіркелу және қайта тіркелу 1 курс магистранттары үшін академиялық кезең басталғанға дейін, ал 2 курс магистранттары үшін Академиялық күнтізбеге сәйкес әр оқу жылының сәуір айында жүзеге асырылады.

Магистранттар білім беру бағдарламасының оқу жоспарының талаптарына сәйкес өздерінің жеке оқу жоспарын құрастыруына және оқу курсы толтық меңгеруіне дербес жауапты болады.

Магистратураға түсуді жоспарлап отырған үміткерлер мектеп мәжілісінің хаттамасынан үзіндіге сәйкес пререквизиттерді зерделеу үшін өтініш береді.

Дайындық бағытының бітіруші мектеп директорлары білім беру бағдарламаларының үміткерлерінің транскрипті негізінде Университеттің Басқарма Төрағасы – Ректор бекіткен білім беру бағдарламаларының пререквизиттерінің тізбесіне сәйкес пәндер санын айқындайды.


Пререквизиттердің мазмұны мен оларды зерделеуге кететін уақыт көлемін бітіруші мектептер айқындайды.

Пререквизиттерді зерделеу бойынша сағат көлемін бекіту туралы мектеп мәжілісінің хаттамасынан үзінді Академиялық даму бөліміне және Тіркеу кеңсесіне беріледі.

Магистратураға түсушілер үшін пәндер бойынша пререквизиттерді зерделеудің нысандары мен технологияларын жоспарлау, ұйымдастыру және қолдану тәртібін Университет айқындайды.

Пререквизиттерді зерделеу бойынша сабақ кестесін Академиялық даму бөлімі жасайды және Академиялық және ғылыми істер жөніндегі вице-ректор бекітеді.



|  |  |  |
|--|--|--|
| Қазақстан Республикасы<br>Туризм және спорт министрлігі  | <br>INTERNATIONAL UNIVERSITY<br>OF TOURISM AND HOSPITALITY | Министерство туризма и спорта<br>Республики Казахстан  |
| «Халықаралық туризм және меймандостық<br>университеті» коммерциялық емес<br>акционерлік қоғамы |  | Некоммерческое акционерное общество<br>«Международный университет туризма и<br>гостеприимства» |
| Магистратура туралы ереже  |  | УЕ-02-01-11  |
| Бекітілген 27.11.2024 ж.   | Басылым №1   | 19 беттің 13-сі  |

Пререквизиттерді игеру бірінші академиялық кезеңде магистратураның оқу жоспарының пәндерін оқумен қатар жүзеге асырылады, бұл ретте магистратурада оқытудың нормативтік мерзімі ұлғаймайды.

Пәндерді зерделеу аяқталғаннан кейін пререквизиттердің нәтижелері ведомосте көрсетіледі.

Пререквизиттер ретінде магистранттың «Білім туралы» Заңның 5-бабының 38-3) тармақшасына сәйкес Университет тануды жүзеге асыратын тиісті деңгейдегі формалды емес білім беруді оқыту нәтижелерін ұсынуға мүмкіндігі бар.

Пререквизиттер ақылы негізде игеріледі. Пререквизиттерді зерделеу жөніндегі шығыстардың сметасын Экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі айқындайды және Басқарма Төрағасы – Ректор бекітеді.

## **7. МАГИСТРАНТТЫҢ ОҚУ ЖҮКТЕМЕСІНІҢ ЕҢ ЖОҒАРЫ КӨЛЕМІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**

7.1 Оқу жүктемесі магистранттың оқу пәндерін, модулін немесе барлық білім беру бағдарламасын зерделеуі үшін талап етілетін және білім беру бағдарламасында белгіленген оқу нәтижелеріне қол жеткізуі үшін қажетті уақытпен өлшенеді.

7.2 Оқу жүктемесі магистранттың барлық оқу қызметін қамтиды – дәрістер, семинарлар, топтық сабақ, топтық жаттығулар, практикалық сабақтар, практикалық және зертханалық жұмыстар, практика, ғылыми немесе кәсіптік тағылымдама, ғылыми-зерттеу жұмысы (эксперименттік-зерттеу жұмысы), магистрлік диссертацияны (жобаны), өзіндік жұмысты, оның ішінде оқытушының жеткшілігімен орындау.

7.3 Магистрант ғылыми жетекшінің басшылығымен жасалатын жеке жұмыс жоспары негізінде оқиды.

7.4 Магистранттың жеке жұмыс жоспары оқудың жалпы кезеңіне жасалады және мынадай бөлімдерден тұрады:

- 1) ЖОЖ (қажет болған жағдайда жыл сайын нақтыланады);
- 2) ғылыми-зерттеу (эксперименттік-зерттеу) жұмысы (зерттеудің тақырыбы, бағыты, мерзімі және есеп беру нысаны);
- 3) практика (бағдарламасы, базасы, мерзімі және есеп беру нысаны);
- 4) негіздемесі және құрылымы көрсетілген магистрлік диссертацияның (магистрлік жобаның) тақырыбы;
- 5) магистрлік диссертацияны (магистрлік жобаны) орындау жоспары;
- 6) ғылыми жарияланымдар, тағылымдамалар жоспары.

7.5 Бір оқу жылының толық оқу жүктемесі кемінде 60 академиялық кредитке және бір оқу жылында кемінде 1800 академиялық сағатқа сәйкес келеді.

7.6 Бір академиялық кредит 30 академиялық сағатқа сәйкес келеді. Магистранттың семестрде академиялық кредиттердің аз немесе көп санын игеруіне жол беріледі. Магистранттардың жекелеген санаттары үшін оқыту формасы мен технологияларына байланысты оқу нәтижелеріне қол жеткізудің нақты уақыты әр түрлі және Университет дербес есептейді.

7.7 Магистратура бағдарламалары бойынша оқудың аяқталуының негізгі өлшемшарты білім алушылардың:

- 1) ғылыми-педагогикалық магистратурада оқытудың нормативтік мерзімі 2 жыл болған кезде магистранттың оқу және ғылыми қызметінің барлық түрлерін қоса алғанда, оқытудың бүкіл кезеңі үшін кемінде 120 академиялық кредит;

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.



|  |  |  |
|--|--|--|
| Қазақстан Республикасы<br>Туризм және спорт министрлігі  | <br>INTERNATIONAL UNIVERSITY<br>OF TOURISM AND HOSPITALITY | Министерство туризма и спорта<br>Республики Казахстан  |
| «Халықаралық туризм және меймандостық<br>университеті» коммерциялық емес<br>акционерлік қоғамы |  | Некоммерческое акционерное общество<br>«Международный университет туризма и<br>гостеприимства» |
| Магистратура туралы ереже  |  | УЕ-02-01-11  |
| Бекітілген 27.11.2024 ж.   | Басылым №1   | 19 беттің 14-сі  |

2) бейіндік магистратурада оқу мерзімі 1 жыл болатын 60 академиялық кредит және оқу мерзімі 1,5 жыл болатын 90 академиялық кредит.

## 8. МАГИСТРАНТТЫҢ ДАЙЫНДЫҚ ДЕҢГЕЙІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

8.1 Магистрантты даярлау деңгейіне қойылатын талаптар жоғары білім берудің екінші деңгейдегі (магистратура) Дублин дескрипторлары негізінде айқындалады және қол жеткізілген оқыту нәтижелеріндегі меңгерілген құзыреттерді көрсетеді.

Оқыту нәтижелері барлық магистратураның білім беру бағдарламасының деңгейіндегі сияқты жекелеген модульдер немесе оқу пәндері деңгейінде де тұжырымдалады.

8.2 Дескрипторлар білім алушының қабілеттерін сипаттайтын оқу нәтижелерін көрсетеді:

1) зерттеу контексінде идеяларды әзірлеу және (немесе) қолдану кезінде оқытылып отырған саланың озық білімдеріне негізделген осы саладағы дамытылатын білімдер мен түсініктерді көрсете білу;

2) жаңа ортада, барынша кең пәнаралық контексте проблемаларды шешу үшін өз білімін, түсінігі мен қабілетін кәсіби деңгейде пайдалана білу;

3) әлеуметтік, этикалық және ғылыми ойларды ескере отырып, пікір қалыптастыру үшін ақпарат жинауды және түсінік беруді жүзеге асыру;

4) мамандарға, сондай-ақ маман еместерге ақпаратты, идеяны, қорытындыларды, проблемаларды және шешімдерді нақты және тиянақты түрде хабарлау;

5) зерделеніп отырған салада одан әрі оқуды өз бетінше жалғастыру үшін қажетті оқу дағдыларының болу қабілетін сипаттайтын оқыту нәтижелерін көрсетеді.

8.3 Магистратураның білім беру бағдарламасы бойынша оқуды аяқтаған және қорытынды аттестаттаудан сәтті өткен магистранттарға «магистр» дәрежесі беріледі және қосымшасы бар жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы диплом (транскрипт) тегін беріледі.

8.3.1 Бітірушінің сұранысы бойынша Университет дипломға жалпыеуропалық қосымшасын (Diploma Supplement (диплома саплэмент)) тегін береді.

8.3.2 Дайындық бағыттары бойынша магистратураның білім беру бағдарламасының мазмұны 1,2,3 кестеге сәйкес белгіленеді.

### Ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистратураның білім беру бағдарламасының құрылымы Кесте – 1

| р/с<br>№ | Пәндер циклдерінің және қызмет түрлерінің атауы | Жалпы еңбек сыйымдылығы   |                            |
|----------|---|---------------------------|----------------------------|
|          |   | академиялық сағат бойынша | академиялық кредит бойынша |
| 1        | 2   | 3                         | 4                          |
| 1.       | Теориялық оқыту                                 | 2640                      | 88                         |
| 1.1      | Базалық пәндер (БП) циклі                       | 1050                      | 35                         |
| 1)       | Жоғары оқу орны компоненті (ЖК):                | 600                       | 20                         |
|          | оның ішінде:                                    |                           |                            |
|          | Ғылым тарихы мен философиясы                    |                           |                            |
|          | Шет тілі (кәсіби)                               |                           |                            |

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.



|  |  |   |
|--|--|---|
| Қазақстан Республикасы<br>Туризм және спорт министрлігі                                  | <br>INTERNATIONAL UNIVERSITY<br>OF TOURISM AND HOSPITALITY | Министерство туризма и спорта<br>Республики Казахстан                                       |
| «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы |  | Некоммерческое акционерное общество<br>«Международный университет туризма и гостеприимства» |
| Магистратура туралы ереже  |  | УЕ-02-01-11   |
| Бекітілген 27.11.2024 ж.   | Басылым №1   | 19 беттің 15-сі   |


|     |   |              |             |
|-----|---|--------------|-------------|
|     | Жоғары мектептің педагогикасы   |              |             |
|     | Басқару психологиясы  |              |             |
|     | Педагогикалық практика  |              |             |
| 2)  | Таңдау компоненті (ТК)  | 450          | 15          |
| 1.2 | Бейіндеуші пәндер циклі   | 1590         | 53          |
| 1)  | Жоғары оқу орны компоненті (ЖК)   |              |             |
| 2)  | Таңдау компоненті (ТК)  |              |             |
| 3)  | Зерттеу практикасы  |              |             |
| 2   | Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы   | 720          | 24          |
| 1)  | Тағылымдамадан өту мен магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы (МҒЗЖ) | 720          | 24          |
| 3   | Оқытудың қосымша түрлері (ОҚТ)  |              |             |
| 4   | Қорытынды аттестаттау (ҚА)  | кемінде 240  | кемінде 8   |
| 1)  | Магистрлік диссертацияны ресімдеу және қорғау (МДРҚ)  | 240          | 8           |
|     | <b>Барлығы:</b>   | кемінде 3600 | кемінде 120 |

**Бейіндік бағыттағы магистратураның білім беру бағдарламасының құрылымы**  
Кесте – 2

| p/c № | Пәндер циклдерінің және қызмет түрлерінің атауы | Жалпы еңбек сыйымдылығы        |                            |                                  |                            |
|-------|---|--------------------------------|----------------------------|----------------------------------|----------------------------|
|       |   | 1 жылдық типтік оқу мерзімімен |                            | 1,5 жылдық типтік оқу мерзімімен |                            |
|       |   | академиялық сағат бойынша      | академиялық кредит бойынша | академиялық сағат бойынша        | академиялық кредит бойынша |
| 1     | 2   | 3                              | 4                          | 5                                | 6                          |
| 1.    | Теориялық оқыту                                 | кемінде 1170                   | кемінде 39                 | 1920                             | 64                         |
| 1.1   | Базалық пәндер (БП) циклі                       | кемінде 300                    | кемінде 10                 | 450                              | 15                         |
| 1)    | Жоғары оқу орны компоненті (ЖК)                 | 180                            | 6                          | 180                              | 6                          |
|       | Оның ішінде:                                    |                                |                            |                                  |                            |
|       | Шет тілі (кәсіби)                               |                                |                            |                                  |                            |
|       | Менеджмент                                      |                                |                            |                                  |                            |
|       | Басқару психологиясы                            |                                |                            |                                  |                            |

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.



|  |  |  |
|--|--|--|
| Қазақстан Республикасы<br>Туризм және спорт министрлігі  | <br>INTERNATIONAL UNIVERSITY<br>OF TOURISM AND HOSPITALITY | Министерство туризма и спорта<br>Республики Казахстан  |
| «Халықаралық туризм және меймандостық<br>университеті» коммерциялық емес<br>акционерлік қоғамы |  | Некоммерческое акционерное общество<br>«Международный университет туризма и<br>гостеприимства» |
| Магистратура туралы ереже  |  | УЕ-02-01-11  |
| Бекітілген 27.11.2024 ж.   | Басылым №1   | 19 беттің 16-сі  |


|     |  |              |            |              |            |
|-----|--|--------------|------------|--------------|------------|
| 2)  | Таңдау компоненті (ТК)   | кемінде 120  | кемінде 4  | 270          | 9          |
| 1.2 | Бейіндеуші пәндер циклі  | кемінде 870  | кемінде 29 | 1470         | 49         |
| 1)  | Жоғары оқу орны компоненті (ЖК)  |              |            |              |            |
| 2)  | Таңдау компоненті (ТК)   |              |            |              |            |
| 3)  | Өндірістік практика  |              |            |              |            |
| 2   | Магистранттың эксперименттік-зерттеу жұмысы (МЭЗЖ)   | кемінде 390  | кемінде 13 | 540          | 18         |
| 1)  | Тағылымдамадан өту мен магистрлік жобаны орындауды қамтитын магистранттың эксперименттік-зерттеу жұмысы (МЭЗЖ) | кемінде 390  | кемінде 13 | 540          | 18         |
| 3   | Оқытудың қосымша түрлері (ОҚТ)   |              |            |              |            |
| 4   | Қорытынды аттестаттау (ҚА)   | кемінде 240  | кемінде 8  | кемінде 240  | кемінде 8  |
| 1)  | Магистрлік жобаны ресімдеу және қорғау (МЖРҚ)  | кемінде 240  | кемінде 8  | кемінде 240  | кемінде 8  |
|     | <b>Барлығы:</b>  | кемінде 1800 | кемінде 60 | кемінде 2700 | кемінде 90 |

### МВА білім беру бағдарламасының құрылымы Кесте – 3

| р/с № | Блоктар мен пәндердің атауы                             | Жалпы сыйымдылығы         |                            |
|-------|---|---------------------------|----------------------------|
|       |   | МВА                       |                            |
|       |   | академиялық сағат бойынша | академиялық кредит бойынша |
| 1     | Кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру бойынша пәндер блогы | 1740                      | 58                         |
| 1)    | Жоғары оқу орны компоненті:                             | 180                       | 6                          |
|       | Стратегиялық менеджмент                                 | 90                        | 3                          |
|       | Бизнес-зерттеу  | 90                        | 3                          |
| 2)    | Таңдау компоненті                                       | 1320                      | 44                         |
|       | Оның ішінде көшпелі модуль/ шетелде тағылымдамадан өту* |                           |                            |
| 3)    | Өндірістік практика                                     | кемінде 240               | кемінде 8                  |

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.



|  |  |  |
|--|--|--|
| Қазақстан Республикасы<br>Туризм және спорт министрлігі  | <br>INTERNATIONAL UNIVERSITY<br>OF TOURISM AND HOSPITALITY | Министерство туризма и спорта<br>Республики Казахстан  |
| «Халықаралық туризм және меймандостық<br>университеті» коммерциялық емес<br>акционерлік қоғамы |  | Некоммерческое акционерное общество<br>«Международный университет туризма и<br>гостеприимства» |
| Магистратура туралы ереже  |  | УЕ-02-01-11  |
| Бекітілген 27.11.2024 ж.   | Басылым №1   | 19 беттің 17-сі  |

|    |  |              |             |
|----|--|--------------|-------------|
| 2  | Жеке даму және көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыру пәндері блогы        | 600          | 20          |
| 1) | Жоғары оқу орны компоненті   |              |             |
| 2) | Таңдау компоненті  |              |             |
| 3  | Эксперименттік-зерттеу жұмысы, магистрлік диссертацияны/жобаны орындау   | 900          | 30          |
| 4  | Қорытынды аттестаттау (магистрлік диссертацияны/жобаны жазу және қорғау) | 360          | 12          |
|    | <b>Барлығы:</b>  | кемінде 3600 | кемінде 120 |

### 9. ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР

9.1 Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар Академиялық және ғылыми істер жөніндегі вице-реktorдың ұсынысы бойынша Ғылыми кеңес мәжілісінің шешімімен енгізіледі.

9.2 Осы Ережеге енгізілген өзгерістер «Өзгерістерді тіркеу парағында» тіркелуі тиіс.

### 10. КЕЛІСУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

10.1 Осы Ереже Университеттің Ректоры бекіткен күннен бастап күшіне енеді.

10.2 Осы Ереженің жұмыс данасын сақтау және пайдаланушыларға тарату жауапкершілігі Академиялық даму бөліміне жүктеледі.

10.3 Осы бекітілген Ереженің жұмыс данасы Академиялық даму бөліміне, ал бақылау данасы Сапаны қамтамасыз ету бөліміне сақтауға беріледі.







